> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> **ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЫНТЫМАҚ-БІРЛІГІНІҢ ЖАРҚЫН СИМВОЛЫ. ОНЫҢ БАПТАРЫНДА ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ АРМАНЫ МЕН АҢСАРЫ, ҰРПАҒЫНЫҢ БАЯНДЫ БОЛАШАҒЫНА ДЕГЕН ҮМІТІ МЕН СЕНІМІ КӨРІНІС ТАПҚАН. АТА ЗАҢ БАРША АЗАМАТТЫҢ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ШЫНАЙЫ ПАТРИОТТАРЫНЫҢ БАСТЫ БАҒДАРЫНА АЙНАЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ – ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ БИІГІНЕ БЕТ АЛҒАН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БЕРІК ӘРІ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ. МЕНІҢ БҰҒАН ЕШҚАНДАЙ КҮМӘНІМ ЖОҚ. СІЗДЕРДІҢ ДЕ ШҮБӘЛАРЫҢЫЗ БОЛМАЙДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.**

№32
(4930)
Бейсенбі
19 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

АТА ЗАҢ – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.
Жаңа Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында айтты.

АСТАНА МӘРТЕБЕСІ АЙҚЫНДАЛАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Үкімет отырысында «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» жаңа конституциялық заң жобасының негізгі бағыттарын жариялады.

Заң жобасында елорданың конституциялық заң деңгейіндегі мәртебесі айқындалатыны көзделген. Бұл заң елорданың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, қалалық ортаның сапасын, тұрғындардың өмір сүру жайлылығын және мемлекеттік басқару тиімділігін арттырады.

«Қазіргі таңда әкімшілік-аумақтық құрылыс пен елорданың мәртебесіне қатысты конституциялық заң жобалары бойынша консультативтік құжаттар мемлекеттік органдармен келісіліп, «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталында жарияланған. Белгіленген тәртіпке сәйкес, заң жобалары биылғы жылдың сәуір айының соңына дейін Парламент Мәжілісінің қарауына енгізіледі» деді Серік Жұманғарин.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

«Жолаушылар тасымалы» мекемесі Наурыз мейрамына орай Астана қаласы маңайына қосымша пойыздар жүретінін хабарлады.

Қосымша пойыздар қозғалысы: 20-21 наурызда №7510 Астана – Павлодар электрпойызы; 25 наурызда №7509 Павлодар – Астана электрпойызы; 25 наурызда №6803/6804 Астана – Атбасар электрпойызы; 25 наурызда №887/888 «Нұрлы жол» – Бурабай курорты электрпойызы.

Билеттерді bilet.railways.kz ресми сайтынан және теміржол вокзалдарының кассаларынан сатып алуға болады. Қосымша ақпаратты 1433 телефоны арқылы алуға болады.

Ораза айт құтты болсын! 7

18 МЫҢ БАЛА АСЫҚ ОЙНАДЫ

Елордада 18 мыңнан астам бала бір уақытта асық ойынын ойнады. Ауқымы жағынан ерекше іс-шара Ұлттық спорт күніне орай ұйымдастырылып, Ж.Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтті.



Ірі мәдени-спорттық шара ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталды. 3000 бала «Алтын сақа» флешмобына қатысты. Олар арнайы композицияға тұрып, асықтың «Алшы» келбеті мен «Алтын сақа» жазуын бейнеледі.

Музыкалық әуенмен балалар флешмобтың көркем мазмұнын ашатын түрлі би қимылдарын орындады. Бағдарламаны толықтай Айдар есімді жасанды интеллект жүргізді. Флешмоб аяқталғаннан кейін жасанды интеллект қаланың барлық білім беру ұйымында – балабақшалар мен мектептерде асық ойынының басталғанын ресми түрде жариялады. Осы белгі бойынша бір мезетте 18 000-нан астам бала қала бойынша асық ойнады.



№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі

AQORDA



АТА ЗАҢ – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиынға қатысып, сөз сөйледі. Ақордада өткен іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Бүгін баршаңыз тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдық. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді!

Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық.

Мемлекет тағдырына бейжай қарамай, дауыс беру науқанына атсалысқан барша азаматқа зор алғыс айтамын!

Ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл орайда, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымды айтқым келеді.

Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет. Олар заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты!

Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер! Бұған еш күмәнім жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі бұл – келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат.

Осы орайда, мен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталғым келеді. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституциямыздың еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласында қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни, волонтерлер жоғары азаматтық жауапкершілік танытып, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосты. Баршаңызға рақметімді айтамын.

Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттігіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жаңашылдық ұғымдары тоғысқан.

Ата заң – мемлекет мүддесінің болаттай берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәріптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады!

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар.





№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі



Көп созбай бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Шын мәнінде, Халық Конституциясын әзірлеу мен қабылдау жалпыұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңғыру стратегиясы мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартады. Әрине, бұл құжаттың тарихи маңызына, қазіргі қоғам мен келер ұрпақ баға береді. Ал бізге мемлекеттілік жылнамасын жазу миссиясы жүктелді. Бұл – абыройлы әрі жауапты миссия. Сонымен бірге азаматтық ой-пікірін арқылы туған Отанының даму бағдарын белгілеуге берілген сирек мүмкіндіктердің бірі, тағдырдың сыйы. Сондықтан бәріміз тарихи әрі ұлы бетбұрыстың бел ортасынан табылып, тағдыршешті сәтке куә болдық деп сеніммен айта аламыз.

Референдумға қатысып, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық танытқан баршаңызға алғыс айтамын. Әсіресе, жастарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жас буын ел жылнамасына есімдерін алтын әріппен жазып, Ата заң авторларының біріне айналды. Қазақстанның бүгіні мен келешегі – жастардың қолында. Бұл – ешқандай ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі.

Референдумның табысты өтуіне орай менің атыма достас мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтаулар келіп түсіп жатыр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, халқымызға қолдау көрсетіп, тілектестіктерін жеткізген әріптестеріме ризашылық білдіремін.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұрғанын, біз мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту жолын енді ғана бастағанымызды айрықша атап өткім келеді. Дүние дүрбелеңге толып, айналамызда тұрақсыздық белең алған жағдайда бұл жолды еңсерудің оңай болмайтыны, түрлі кедергімен бетпе-бет келетініміз анық. Алайда жолдың қиындығына қарамай, алға қадам басуымыз керек. Ол үшін ұлтымыз ауызбіршілік танытып, жауапты әрі жасампаз патриотизмнің, терең білім мен кәсібиліктің үлгісін көрсетуі қажет. Біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Жеңімпаз болуға міндеттіміз!

Мен бүгін қол қойған Жарлық Ата заң ережелерін жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды. Көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң енгізіледі. Сонымен қатар сегіз конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет. Заң шығару үдерісі алдағы парламент сайлауымен қатар жүреді. Сайлауды жаңа сессияның ашылуына дейін өткізу жоспарланып отыр. Сол уақытқа дейін тиісті заңнамалық база әзірлеуді толықтай аяқтаған жөн.

Елімізді құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті, келесі жылы да жалғасуы мүмкін. Алдымызда қазіргі билік институттарын реформалап, жаңасын құру, сондай-ақ олардың құрылымы мен кадрлық құрамын өзгерту міндеті тұр. Конституцияның тың қағидаттары құқықтық, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріміздің, басқаша айтқанда, тұтас тыныс-тіршілігіміздің ажырамас бөлшегіне айналады.

Халық Конституциясы – стратегиялық сенім мандаты және ұзақмерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады. Соған сәйкес, мемлекет пен азаматтардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет.

Өздеріңізге мәлім, былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалды. Енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бірқатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тағы да рақымшылық жариялауға болады. Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатынын атап өткім келеді. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – Негізгі заңдағы адамгершілік идеалдары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орнықтыратын маңызды қадам.

Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен аңсары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымыз тұғыры. Менің бұған ешқандай күмәнім жоқ. Сіздердің де шүбәларыңыз болмайды деп ойлаймын.

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру деген сөз. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түседі.

Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция кепілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін. Еліміз әрқашан өсіп-өркендей берсін!

Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын!

«БӘЙТЕРЕКТІҢ» БАЙ-ҚУАТТЫ ЖЫЛЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Жиында 2025 жылғы инвестициялық саясатты орындау қорытындылары, сондай-ақ экономиканың басым бағыттарын одан әрі қаржыландыру мәселелері қаралды. Отырысты ашқан Премьер-министр Директорлар кеңесінің мүшелерін және шақырылғандарды Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануымен құттықтап, оқиғаның тарихи маңыздылығын атап өтті.



«Қазақстан өзінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біздің барлығымызды еліміздің Ата заңында орныққан қағидаттарды, нормалар мен постулаттарды жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыстар күтіп тұр» деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшиннің мәліметінше, 2025 жылы еншілес ұйымдар арқылы экономиканың шикізаттық емес салаларын қаржыландыру көлемі 8 трлн теңгені құрады, бұл алдыңғы жылғы деңгейден 96%-ға жоғары. 7,1 трлн теңге сомасындағы қолдау шамамен 75 мыңға компания мен ұйымдарға көрсетілді. Холдингтің көмегіне ие болған кәсіпорындардың экспорт көлемі 1,9 трлн теңгеге жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен екі есе көп.

Жиында агроөнеркәсіп кешенін қолдауға баса назар аударылды. 2025 жылы АӨК-ті қаржыландыру 1,4 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 31%-ға артты. Холдингтің көмегімен 11,5 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Холдинг қызметінің нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының Ақмола облысындағы егін жинау науқаны мәселелері жөніндегі жиында берген тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылғы егіс науқанын ерте қаржыландыру бойынша жұмыс жалғасуда. Директорлар кеңесі «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін 300 млрд теңгеге дейін облигациялар шығаруды мақұлдады. Сондай-ақ отандық өндірістегі ауыл шаруашылығы техникасының лизингін 150 млрд теңгеге дейін қаржыландыру ҚазАгроҚаржы арқылы және әлеуметтік осал топтар мен кезекте тұрған азаматтар үшін 100 млрд теңгеге дейін ипотекалық несиелеуді «Отбасы банк» арқылы жүзеге асыру мақұлданды.

2026 жылы «Бәйтерек» холдингі экономика салаларын қолдауға 8 трлн теңгеге дейін бағыттауды жоспарлап отыр. Басым бағыттардың қатарында өнеркәсіп пен инфрақұрылымды қаржыландыру, агросекторды қолдау, экспортты дамыту және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бар.

Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың нақты секторын қолдауды одан әрі күшейтудің, шикізаттық емес салаларды дамытудың және Холдинг құралдарының тиімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған тәуекелдер бойынша консолидациялық есеп, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспарын орындау нәтижелері және 2025 жылға арналған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері де мақұлданды.

ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Мәжіліс депутаттары 2026 жылғы 18 наурызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заң жобасын бірінші оқылымда қарап, мақұлдады. Құжат мемлекеттік қызмет моделін жаңғыртуға және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған. Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығымен бекітілген 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында әзірленген.



Жаңа редакциядағы заңның негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік қызметтің миссиясын бекіту, азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру және кадрлық процестерді цифрландыру. «Заң жобасы мемлекеттік қызметшілердің клиентке бағдарланған мінез-құлық моделін енгізуді көздейді. Заңнамалық деңгейде азаматтармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасау талаптары бекітіледі. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілер өтініш берушілерге белгіленген мерзімде толық әрі жан-жақты жауап беруге міндетті болады. Сонымен қатар өтініштерді формальды негіздер бойынша қараудан бас тартуға жол берілмейді» деп түсіндірді жаңа заңдағы жаңалықты Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай.

Сондай-ақ азаматтарға құжаттардағы қателерді, дәлсіздіктерді немесе сәйкессіздіктерді түзету мүмкіндігі беріледі. Жас әрі талантты мамандарды тарту мақсатында заң жобасында мемлекеттік қызметке түсуге даярлау институтын енгізу қарастырылған. Жоғары оқу орындарының студенттері бакалавриат бағдарламасы бойынша оқумен қатар ерте кәсіби бағдардан өте алады. Оқу аяқталғаннан кейін түлектер мемлекеттік қызметте кемінде үш жыл жұмыс істеуге тиіс. Кандидаттарды іріктеу «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл конкурс рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру және білікті мамандарды ұстап қалу мақсатында заң жобасында көлденең мансаптық өсу механизмі көзделген. Бір лауазым шеңберінде бірнеше лауазымдық деңгей белгіленеді. Қызмет деңгейін көтеру мемлекеттік қызметшінің қызмет тиімділігін бағалау нәтижелеріне байланысты болады. Құжат мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін кеңейтуді де қарастырады. Атап айтқанда, артық жұмыс уақыты, демалыс және мереке күндері жұмыс істегені үшін өтемақы төлеу, мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс беру, сондай-ақ некеге тұру, баланың дүниеге келуі немесе жақын туысының қайтыс болуы сияқты өмірлік жағдайларға байланысты қысқа мерзімді демалыс қарастырылған.

Сонымен қатар заңсыз жұмыстан босатылған немесе қызметі төмендетілген жағдайда мемлекеттік қызметке қайта қалпына келтірілген қызметкерлерге өтемақы төлеу нормасы енгізіледі. Заң жобасы тәртіптік жауапкершілік мәселесінде икемді тәсілдерді енгізуді көздейді. Тәртіптік істерді қарау кезінде жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар қатар ескерілетін болады. Мамандардың пікірінше, ұсынылып отырған нормаларды іске асыру мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі

938 ОРЫНДЫҚ ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА

«Наурызнаманың» он күндігі аясында елордада колледж студенттеріне арналған 938 орындық жаңа жатақхананың салтанатты ашылуы өтті. Бұл Шаңырақ күніне байланысты орайластырылды.



Бейбітшілік көшесінде орналасқан жаңа жатақхананың құрылысы 2025 жылдың қаңтарында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында басталған.

Жатақхана 938 орынға есептелген. Сонымен қатар мұнда студенттердің бастамалары, стартаптары мен қолданбалы жобаларын дамытуға арналған акселерация орталығы қарастырылған.

Ашылу салтанатында елордалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев жобаның маңыздылығын атап өтті.

«Бүгін біз жай ғана жаңа жатақхананы ашып отырған жоқпыз, жастардың өмір сүруі мен дамуына арналған жайлы, қауіпсіз әрі заманауи орта қалыптастырып отырмыз. Бұл – елордамызда қолжетімді әрі сапалы білім беруді қамтамасыз етудегі маңызды қадам.

Бұл оқиғаның Наурыз мейрамы күндерімен тұспа-тұс келуі де символдық мәнге ие. Жатақхана сіздер үшін тек тұратын орын емес, жаңа достар тауып, идеяларыңызды жүзеге асыратын, болашақтарыңызды қалыптастыратын орта болсын.

Жобаны жүзеге асыруға атсалысқан барлық азаматтарға алғысымды білдіремін. Ал студенттерге оқуда табыс, жарқын жетістіктер және жарқын болашақ тілеймін» деді ол.

Жаңа жатақхана заманауи талаптарға толық сай. Әр бөлмеде 5 орын, жеке санитарлық торап қарастырылған. Қабаттарда қыздар мен ұлдарға арналған бөлек асхана аймақтары бар.

Студенттердің жан-жақты дамуы үшін ғимаратта спорт залы, хореография залы және кітапхана жұмыс істейді.

Қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінген: жатақханада Face ID жүйесі енгізілген және бейнебақылаудың орталықтандырылған бақылау пункті жұмыс істейді.

Сонымен қатар ғимарат мүмкіндігі шектеулі жандарға толық бейімделген, кедергісіз орта мен арнайы бөлмелер қарастырылған.

Жатақханада тұру құны айына 22,5 мың теңгені құрайды. Мамандардың айтуынша, бұл баға студенттердің басым бөлігі үшін қолжетімді.

Жобаның іске асуы колледж студенттері үшін орын тапшылығын едәуір азайтып, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл жаңа нысан оқу және студенттік өмірдің дамуына қосымша серпін береді. Айта кету керек, жаңа ғимарат пайдалануға берілгенге дейін елордада 16 колледж жанында 18 жатақхана жұмыс істеген. Оның ішінде 5 мемлекеттік, 11 жекеменшік болатын. Бұл жатақханаларда 2301 студент тұрған, ал орын тапшылығы шамамен 1300 төсек-орынды құраған.



КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА – ҚҰРМЕТ

Астанада «Наурызнама» онкүндігі аясында атап өтілетін «Шаңырақ күніне» орай көпбалалы аналарды марапаттау рәсімі өтті.

Елорданың бірнеше ауданында ондаған анаға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» табысталып, олардың отбасы мен қоғамдағы еңбегі жоғары бағаланды.

Сарыарқа ауданында барлығы 40 ана мемлекеттік наградаға ие болды. Оның ішінде 9 ана «Алтын алқа», ал 31 ана «Күміс алқа» иегері атанды. Аудан әкімі Жанасыл Шаукентаев аналардың отбасы бірлігін нығайтудағы ерекше рөлін атап өтіп, оларға ізгі тілегін білдірді.

«Шаңырақ – қазақ үшін отбасының, бірліктің, ұрпақтың белгісі. Әр шаңырақтың берік болуы, ең алдымен, анаға байланысты. Өйткені үйдің жылуы да, берекесі де ананың мейірімі мен тәрбиесінен басталады. Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға амандық, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін» деп атап өтті Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шаукентаев.

Есіл ауданында өткен салтанатты шарада 30 көпбалалы ана марапатталды. Олардың 6-уы – «Алтын алқа», 24-і «Күміс алқа» алды. Шара барысында аналардың бала тәрбиесіндегі еңбегі мен қоғамдағы орны ерекше екені айтылды.

Ал Сарайшық ауданында 23 ана марапатқа ие болды: 4 ана «Алтын алқа», 19 ана «Күміс алқа» алды. Аудан әкімі Мақсат Саматұлы аналарды құттықтап, олардың еңбегіне алғыс білдірді.

Айта кетейік, «Күміс алқа» алты бала тәрбиелеген аналарға берілсе, «Алтын алқа» жеті және одан көп бала өсіріп отырған аналарға табысталады.

ӨНЕРЛІ ӘЖЕЛЕР ӨНЕГЕСІ

Наурыз мерекесінің басталуына орай Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Алтын әже – 2026» республикалық байқауы өтті.



Шапағат ӘБДІР

Байқау Ұлттық киім күніне арналып, рухани, мәдени және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, сондай-ақ ата-бабадан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрлерді сақтауға бағытталды.

Жарысқа еліміздің әр өңірінен келген белсенді әрі өнерлі 15 әже қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін жан-жақты көрсетті. Қатысушылар ұлттық нақыштағы киімдер киіп, сахнада ән айтып, би билеп, түрлі сахналық қойылымдар арқылы қазақы тәрбиенің терендігін және отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын паш етті. Байқау бес кезеңнен тұрып, әр бөлімде қатысушылардың өнері, шеберлігі мен өмірлік тәжірибесі жанжақты бағаланды.

Бағдарлама барысында әр әже өз өмір жолы мен тәлім-тәрбиелік тәжірибесімен бөлісіп, көрермендерге даналық пен сабырлылықтың жарқын үлгісін көрсетті.

«Елдің салт-дәстүрін сақтайтын ең алдымен – аналарымыз. Тәрбие де, ұлттық мінез де әжелер арқылы беріледі. Сондықтан бүгінгі іс-шара қазіргі қазақ әжелерінің болмысы мен табиғатын ашуға бағытталған» деді ұйымдастырушы Қазақ аналары дәстүрге жол қоғамдық бірлестігінің төрайымы Сәуле Қабашева.

Сондай-ақ байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы марапатталып, оларға еліміздің көркем өңірлеріне және шетелдің көрікті жерлеріне жолдамалар табысталды.

Астанада «Ауыл» партиясы Астана қалалық филиалының мұрындық болуымен «Батамен ел көгерер» қалалық батагөйлер сайысы өтті. Шараға партия ардагерлері, қала тұрғындары мен Жастар қанатының өкілдері қатысты.

БАТАГӨЙЛЕР САЙЫСҚА ТҮСТІ

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған сайысқа отызға тарта ақсақал қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

– Әр жыл сайын батагөйлердің республикалық сайысы өтеді. «Батамен ел көгерер – 2026» сайысының қорытынды шарасы өткізіліп отыр. Биылғы ерекшелігі – былтырмен салыстырғанда қатысушылардың санының артуы. Қариялардың жыл санап сайысқа деген қызығушылығы мен белсенділігі басым. Арнайы жеңімпаздарға қаржылай сыйлық ұсынбақпыз. Бірінші орынға – 100 мың, екінші орынға – 70 мың, үшінші орынға 50 мың теңге және арнайы ынталандыру сыйлықтары бар. Бұл жерден жеңімпаз атанғандар республикалық сайысқа қатысады, – деді «Ауыл» партиясы Астана қалалық филиалының төрағасы Ұлан Әбдіханов.

Шара ұлттық мұраны насихаттап, құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Наурызнама онкүндігіне орай елордадағы Сарайшық ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері ұлттық киімдердің көрінісін өткізді. Орталықтың домбырашылар ансамблі қала тұрғындары үшін мерекелік концерт ұйымдастырды.

Индира БЕРЖАНОВА

Іс-шара 18-наурыз – Ұлттық киім күніне орай жоспарланды. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бастамасымен Астана қаласының 6 ауданында Ұлттық киім күніне арналған 10-ға жуық мәдени іс-шара өтіп, оған барлық өнер ұжымы жұмылдырылды.

– Жалпы Наурызнама онкүндігіне арнап, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы 40-қа жуық түрлі мәдени және танымдық іс-шаралар ұйымдастырады. Негізгі мақсат – мерекені ерекше есте қалдыру, ұлттық құндылықты барынша насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын нығайту. «Damu mall» сауда орталығында ақ жаулықты әжелеріміз ұлттық киімдердің көрінісін көрсету арқылы мәдениетіміз бен дәстүріміздің озық екенін қатар паш етті. Ал өнерлі зейнеткерлерден құрылған «Шабыт» домбырашылар ансамблі ән мен күйден шашу шашты, – деді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының әлеуметтік қызметтерді ақпараттық ілгерілету бөлімінің басшысы Меруерт Нұрғалиева.

Сондай-ақ Ұлттық киім күні Байқоңыр ауданының ісмер әжелері қазақтың ұлттық киімін тігуден шеберелік сабағын өткізсе, Сарыарқа ауданының «Кербез models» тобы сән көрсетілімін ұйымдастырды.



ЖАС ЖҰБАЙЛАР НЕКЕ ҚИДЫ

Наурыз мейрамы қарсаңында дәстүрлі түрде атап өтілетін Шаңырақ күні аясында Сарыарқа ауданында «Отбасы – ұлт қазынасы» атты іс-шара өтті.

Салтанатты жиынның басты ерекшелігі – символдық неке қию рәсімі болды. Іс-шара барысында жаңадан шаңырақ көтерген үш жас отбасы көпшілік алдында неке қию рәсімінен өтіп, бір-біріне адалдықтың белгісі ретінде жүзік алмасты. Бұл сәт жастар үшін ерекше толқынысқа толы, есте қаларлық маңызды кезең болды. Осылайша Жас жұбайлар өзара сүйіспеншілік пен сенімге негізделген бақытты отбасылық өмірдің алғашқы қадамын жасады.

Сонымен қатар бірнеше онжылдық бойы бірге өмір сүріп келе жатқан үлгілі екі отбасы да шараның құрметті қонағы ретінде қатысып, өз өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Олар берік некенің сыры – өзара құрмет, сабырлылық пен түсіністік екенін атап өтіп, жастарға ақыл-кеңестерін айтты.

«Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Наурыз мерекесі мен Шаңырақ күні қарсаңында ұйымдастырылып отырған бұл іс-шара отбасы құндылығын дәріптеуге бағытталған. Біздің ауданымыз әрдайым жастарға ерекше көңіл бөліп келеді. Бүгінгі жас отбасыларға махаббат, бірлік пен береке тілеймін» деді Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі



МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 14 наурызындағы № 1202 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2026 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына орындау мақсатымен және Астана қаласы әкімінің 2026 жылғы 16 наурыздағы №514-920 «2026 жылғы наурыз-маусымда және қыркүйек-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес осы жылдың наурыз айынан бастап қалалық және аудандық әкімдердің орынбасарларының төрағалық етуімен қалалық және аудандық әскерге шақыру комиссиялары азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыруға кірісті.

Маусым айының отызына дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының қатарын әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға негізі жоқ, он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі 21 000-нан астам ер-азамат толықтырады.

Соның ішінде Астана қаласынан 1 400-ден астам жастарымыз әскери бөлімдерге жіберіледі.

Нақтырақ айтқанда:

Қарулы Күштерге – 790 адам шамасында;

Ұлттық Ұланға – 450 адам;

ҰҚК Шекара қызметіне – 120 адам;

Төтенше жағдайлар министрлігіне – 30 адам;

Мемлекеттік Күзет қызметіне – 25 адам.

(Салыстырмалы түрде 2025 жылы көктемде Астанадан 1 207 адам шақырылды).

Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес азамат электрондық форматта хабарландыру алады, яғни 1414 нөмірінен телефонына SMS-хабарлама ретінде келеді. Электронды хабарлау мүмкін болмағанда, қағаз түрінде шақырту қолхатпен жұмыс орны мекеме басшысына немесе туыстарына табысталуы мүмкін. Осылайша, көп арналы жүйе арқылы азаматтың дер кезінде әскерге шақырылуын қамтамасыз ете аламыз.

Бүгінгі таңда әлемдегі геосаяси жағдай жоғары шиеленіспен сипатталады. Егемендікті, елдің аумақтық тұтастығын қорғау армияның жауынгерлік дайындық деңгейіне, кадрлармен қамтамасыз етілуіне және кадрлық әлеуетіне байланысты.

Қазақстандағы әскери қызмет, басқа елдердегідей, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар әскери-оқытылған резервтің негізін қалыптастырады және ұлттық қауіпсіздікке немесе төтенше жағдайға қауіп төнген жағдайда бұл резерв біздің елімізді қорғау үшін қысқа мерзімде жұмылдырылатын болады. Сондықтан азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру өз мәні бойынша негізгі мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады.

Осы жерде, мерзімді әскери қызметтің еліміз үшін қаншалықты маңызды екеніне қысқаша тоқталып кеткім келеді.

Біріншіден, армия – елімізді сыртқы қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз ететін негізгі күш. Мемлекет қауіпсіздігі ұдайы әзірлікті қажет етеді ал мерзімді әскери қызмет ықтимал қатерге жастарды даярлауда үлкен роль атқарады.

Екіншіден, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтардан резерв құрылады, олар жұмылдыру жағдайында әскери қызметке шақырылатын болады.

Үшіншіден, мерзімді әскери қызмет өткеру кезінде жігіттеріміз тәртіпті, жауаптылықты сезініп, көшбасшылық қабілетті және топта жұмыс істеу дағдысын меңгереді. Оның бәрі тек әскерде ғана емес, өмірде де қажет болады.

Төртіншіден, мерзімді әскери қызметке шақыру – ол азаматтық жауапкершілік, патриотизм, өз елін қорғауға әзір болу актісі және ұлт тұтастығы мен қоғам үйлесімін қалыптастыратын маңызды элемент болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, мерзімді әскери қызмет – ол тек міндет қана емес, қауіпсіздік жүйесінің маңызды құрамы, ол елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Барлық жерде цифрландыру аясында жергілікті әскери басқару органдары шетте қалмады. Осылайша, 2020 жылдан бастап Қорғаныс министрлігі әскери есепке алуды жүргізу үшін жаңа ақпараттық жүйені енгізді, оның көмегімен 2023 жылдан бастап «Smart военкомат» жобасы жүргізілуде. «Smart военкомат» жобасы – жергілікті әскери басқару органдары қызметінің процестерін автоматтандыру жолымен әскери есепке алуға байланысты міндеттерді орындауға жеке және заңды тұлғалардың қатысуын барынша азайтуға бағытталған цифрлық шешімдердің жиынтығы.

Жобаның негізгі элементі – әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың дербес әскери есебін жүргізуге арналған Қорғаныс министрлігінің «жұмылдыру ресурстарын автоматтандырылған есепке алудың интеграциялық шлюзі» цифрлық жүйесі болып табылады.

«Smart военкомат» жобасы аясында іс жүзінде келесі инновациялар іске асырылды және табысты жұмыс істеуде:

1) ішкі көші-қон кезінде азаматтарды әскери есепке автоматты түрде қою:

Тұрғылықты жері тұрақты тіркелген кезде «әскери есепке қою» мемлекеттік қызметін көрсету үшін жүгіну қажеттілігі алынып тасталды, 2025 жыл ішінде елімізде 434 мыңнан астам адам қайта есепке алынды;

2) 17 жастағы жігіттерді Шақыру пункттеріне автоматты түрде тіркеу: Бұрын бұл процесс олардың жеке қатысуын талап етті, ол үшін бүкіл ел бойынша жастарды медициналық куәландыру үшін аудандық орталықтарға жеткізу жүзеге асырылды.

Астана қаласында 2024 жылдан бастап 17 жасар балаларды әскери есепке автоматты түрде қою жүргізілуде.



Мысалы, Астана қаласында 2026 жылы қаңтар мен наурыз аралығында оқудан қол үзбей-ақ 2069 бозбала тіркелген.

3) азаматтың өтінішін қажет етпей және бұрын қолданылғандай түрлі анықтамалар тапсырмай, мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру мен босатуды автоматты түрде беру:

Осылайша, оқушы, үйленген, балалары бар жастар; мүгедектігі бар адамдар; ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтар кейінге қалдыру үшін шақыру комиссияларының отырыстарына шақырылмайды. 2025 жыл ішінде елімізде барлығы 457 мыңнан астам кейінге қалдырылды.

4) Кейінге қалдыруға негіздер жоғалған жағдайда, оны кері қайтарып алу да автоматты түрде жүзеге асырылады;

5) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен интеграциялық өзара іс-қимыл есебінен әскери қызметті өткеру туралы мәліметтермен жедел алмасу мемлекеттік жәрдемақылар мен зейнетақы төлемдерін ресімдеу кезінде түрлі анықтамаларға жүгіну қажеттілігін алып тастады, ал заңды тұлғалар, бизнес-құрылымдарды қоса алғанда, жұмысқа қабылданған және жұмыстан шығарылған адамдар туралы ай сайын есептер беру қажеттілігі тоқтады;

6) азаматтарды мерзімді қызметке шақыру туралы бұйрықтар жүйеде электрондық форматта шығарылады, осыған байланысты шақырылғандар туралы мәліметтер автоматты түрде «кредиттік каникулдарды» ұсыну үшін мемлекеттік және бірінші кредиттік бюроларға жіберіледі.

7) аудандық және облыстық шақыру комиссиялары отырыстарының цифрлық хаттамалары енгізілді, бұл жоғары тұрған органдардың тікелей бақылауын жүзеге асыруға мүмкін.

8) азаматтарды мерзімді қызметке шақыру туралы бұйрықтар жүйеде электрондық форматта шығарылады, осыған байланысты шақырылғандар туралы мәліметтер «кредиттік демалыстарды» ұсыну үшін мемлекеттік және бірінші кредиттік бюроларға автоматты түрде жіберіледі;

9) аудандық және облыстық шақыру комиссиялары отырыстарының цифрлық хаттамалары енгізілді, бұл жоғары тұрған органдардың тікелей бақылауын жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

10) әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды автоматтандыруды қамтамасыз ететін және бұрын ауырған аурулар мен жарақаттар туралы мәліметтер алуға мүмкіндік беретін «Е-Медосмотр» медициналық цифрлық жүйесімен интеграция жүргізілді; Қазірдің өзінде «Е-Медосмотр» цифрлық жүйесін Астана қаласының медициналық комиссиялары пайдаланады. 2025 жылы цифрлық форматта медициналық куәландырудан барлығы 17 мыңнан астам әскерге шақырылушы өтті.

Бұдан басқа, «Smart военкомат» жобасын іске асыру нәтижесінде азаматқа қатысты әскери есепке алу жөніндегі барлық мәліметтер Egov және Mgov порталдарындағы «Жеке кабинетте», атап айтқанда, әскери қызметке қатынасы; азамат әскери есепте тұрған ЖӘБО; қызмет ету кезеңдері, сондай-ақ әскери есепте әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы ақпарат көрсетіледі.

Біз сарбаздардың ата-аналарымен және туыстарымен бейнебайланысқа шығуын қамтамасыз ететін «Отбасымен бейнеқоңырау» сервисін белсенді қолданамыз.

«ARMIA.KZ.» ақпараттық сервисі жасалды. Ол Қарулы Күштерді цифрландыру және азаматтармен «Ашық үкімет» қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасауды жақсарту шеңберінде енгізілді.

Әскери қызметтің тартымдылығын арттыру жұмысы жалғасып жатыр. Ол ең алдымен, білім беру секторындағы жеңілдік пен кредиттік каникулға қатысты. Қазіргі уақытта мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар үшін қызмет ету кезеңіне кредиттер бойынша кейінге қалдыру және ҰБТ нәтижелерін есепке алмай мемлекеттік білім беру гранты бойынша ЖОО-ға оқуға түсу мүмкіндігі көзделген. Әскери қызметшілерге көмектесу үшін «Сарбаз» цифрлық платформасы жұмыс істейді, ол рейтингті автоматты түрде анықтайды және сарбаздарды жоғары оқу орындары бойынша бөледі, оларға электрондық кітапханаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. 2023 жылдан бастап жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырусыз 8 мыңнан астам сарбаз түсті, соның ішінде 2025 жылы – 3 300 сарбаз.

20 мыңнан астам әскери қызметшіге кредиттік негізгі борыш және жалпы борыш сомасы 8,8 млрд теңгеге кредиттік каникул берілді. Сонымен қатар, қызмет ету кезінде мерзімді сарбаз мамандыққа ие бола алады немесе экономиканың нақты секторында қажет жұмысшы мамандығын игере алады. Әскери қызметшілер Қарулы Күштер түрлерінің кіші мамандарын даярлау оқу орталықтарында кәсіптік білім алады. Оқудан өткеннен кейін әскери қызметшілерге тиісті мамандық алғаны туралы сертификаттар беріледі.

Сөз соңында айтқым келгені, қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы кеңінен тарап жатқан ақпарат ағыны жағдайында еліміздің Қарулы Күштері мен мерзімді әскери қызметтің тартымдылығын нығайтуға көңіл бөліп, үлес қосу өте маңызды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен болгерлердің осы контекстегі жұмыстары азаматтар арасында қоғамдық пікір қалыптастыру мен патриотизм деңгейін арттыруда орасан зор болып отыр.

Бүгінгі таңда күрделі халықаралық жағдайда мерзімді әскери қызметті жеке өсуге, оқуға және туған жерді қорғауға дайындыққа ықпал ететін өмірдің қажетті және лайықты бөлігі ретінде ұсыну маңызды.

Қарулы Күштер бүгінде белсенді түрде жаңғыртылуда, жаңа технологиялар мен қару-жарақтар енгізілуде.

Мұны материалдардан атап өтуге болады, бұл армия тек әскери ғана емес, сонымен қатар заманауи қару-жарақ пен технологиямен жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар екенін көрсетеді, бұл қызметті жастар үшін тартымды етеді. Еліміздің қауіпсіздігі үшін патриоттық көңіл-күй мен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру маңызды міндет болып табылады.

Руслан БАЛТЕМІРОВ,
Астана қаласының Қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник

АЛҒАШҚЫ САРБАЗДАР АТТАНДЫ

Кеше Астана қаласында көктемгі әскерге шақыру науқаны аясында алғашқы команда әскер қатарына аттанды. Алғашқы лекпен 25 азамат жолға шықты. Бұл – биылғы шақырылымдағы алғашқы топ.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Көктемгі науқан 30 маусымға дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында елордадан 1400-ден астам азамат Отан алдындағы борышын өтеуге жіберіледі. Оның ішінде 788-і – Қарулы Күштер қатарына, 450-і – Ұлттық ұланға, 120-сы – Шекара қызметіне, 30-ы – Төтенше жағдайлар министрлігіне, 25-і Мемлекеттік күзет қызметіне бағытталады. Ал республика бойынша көктемгі науқан аясында 21 мыңнан астам азаматты әскер қатарына шақыру жоспарланып отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда елордадан шақырылатындардың саны биылғы жылы едәуір көбейген. Мәселен, 2024 жылғы көктемде 1 165 жігіт болса, 2025 жылдың көктемінде 1 207 жігіт сарбаз аттаныпты. Ал биылғы Астана қаласынан әскерге шақырылғандар саны да 1400-ден астам болмақ.

– Әскер – абырой үшін емес, бұл – Отан алдындағы қасиетті борыш. Әр сарбаз өз міндетін адал атқарып, жақсы қырынан көрінсе, болашақта жоғары оқу орнында білімін жалғастырып, кәсіби жолын Қорғаныс министрлігімен бірлесе жоспарлауға мүмкіндік алады. Сондықтан жастар бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, биыл әскерге шақырылатын азаматтарға хабарлама электронды форматта жолданады. Атап айтқанда, 1414 нөмірінен SMS-хабарлама келеді. Ал егер электронды түрде хабарлау мүмкін болмаса, қағаз түріндегі шақырту жұмыс орны арқылы мекеме басшысына немесе туыстарына қолхатпен табысталуы мүмкін. Осылайша, көпарналы жүйе арқылы азаматтарды әскерге дер кезінде шақыру қамтамасыз етіледі, – деді Астана қаласының Қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник Руслан Балтеміров.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, елімізде әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды автоматтандыруды қамтамасыз ететін және бұрын ауырған аурулар мен жарақаттар туралы мәліметтер алуға мүмкіндік беретін «Е-Медосмотр» медициналық цифрлық жүйесімен интеграция жүргізілуде.

Қазірдің өзінде Астана қаласының әскерге шақыру дәрігерлік комиссиялары «Е-Медосмотр» цифрлық жүйесін пайдаланады. Айта кететін жайт, осы жүйенің тестілеу тексерістері 2025 жылы осы елордалық әскерге шақыру дәрігерлік комиссиясында өткізіліп, өз ұтымдылығын көрсеткен екен. Нәтижесінде, бүгінгі таңда еліміз бойынша цифрлық форматта медициналық куәландырудан барлығы 17 мыңнан астам әскерге шақырылушы өтті.

Әскери-патриоттық акцияға Астана қаласының әкімдігі, ҚР ҰҚК Шекара қызметі өкілдері, Астана қаласының қорғаныс істері департаментінің басшылығы, Қарулы Күштер мен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ардагерлері мен офицерлері, қала мектептерінің оқушылары, «Жас сарбаз» жасөспірімдер мен балалар әскери-патриоттық клубтарының тәрбиеленушілері, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың ата-аналары қатысты.

Ардагерлер мен қариялардың ақ батасын алған жастар таңғы жүрдек пойызбен шығысты бетке алып, шекараға сапарға аттанды.

№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі



НАУРЫЗДА ТУҒАН НАРТҰЛҒА

Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің азаматтық ерлік жасағанына да 70 жылға тарта уақыт болды. Содан бері ол кісі туралы жылы лебіздер білдіргендердің қатарынан заңғар жазушымыз Ғабит Мүсірепов, халық батыры Бауыржан Момышұлы, Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов, мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасынов т.б. зиялы қауым табылды.

Қаншама ақын-жазушы шығармаларын арнады. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын марқұм Несіпбек Айтұлының «Жер – жаннан қымбат» поэмасы, Асан Кәрішалдың, «Кісендеулі дала жолбарысы» сол құрметтің белгісі болса керек.

«Қазағымның тарихында сұр белең,
Тың игеру деген туды дурбелең
Сол жылдарда әйгі болды Тәшенев,
«Тың өлкесін» Ресейге бермеген.
Сыр бермесе кеңестік сұм сойылға,
Өз басы емес, ел тұрды оның ойында.
Бурабайда Жекебатыр секілді,
Ұйықтап жатыр Сырдария бойында» – деп жырлаған көрнекті ақын Кәкімбек Салықов аптал ердің айбарлы болмысын айшықтады. Осындай шығармаларды, мақалаларды тізбектей берсек бірнеше томдық кітаптар болар еді. Менің өзім осы уақыт ішінде он шақты мақаланың авторы болдым. Атап айтқанда, «Ар құрметтеген ерен ер», «Бейбіт күннің батыры кімге ұнамайды», «Наурызда туған нартұлға», «Қазақ халқының ардақтысы» және басқа да шығармаларым әртүрлі баспасөзде жарық көрді.

Былтыр ағамыздың 110 жылдығы болғанда ол кісінің атында Қазақстанда бірнеше мектеп бар екені анықталды. Солардың бәрі бірімен бірі хабарласып, кішкене одақ құрыпты. Астанадағы мектепте өткен шараға Павлодар, Қарағанды, т.б. облыстардан өкілдер қатынасып, өздерінің сыйсыяпаттарын жасады. Осындай шара Аршалы ауылының орта мектебінде өткенде Жұмекеңе деген халықтың сүйіспеншілігі айқын байқалды. Аршалылықтар Ж.Тәшеневтің туған жеріне ескерткіш (монумент) қоя бастапты, оны толық жабдықтамақшы. Осы жиынға облысымыздың зиялы қауымдары Қ.А.Таукенов, баласы Саян Жұмабекұлы зайыбымен қатысты.

Биыл жылдың басында «Егемен Қазақстан» газетінде осы басылымның тілшісі Жолдыбай Базардың «Өктемдік өтіндегі қайталанбас өнеге» атты үлкен көлемді мақаласы шықты. Шынын айтқанда, менің өз басым қатты қуандым.

Мақаланың кейбір жерлерінен үзінді келтірейін: «...азулыдан қаймықпай, халықтың есесін жібермей, ел мен жерді қорғап қалуы оның аңыз адамға айналуына жол ашты...».

Д.Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік эссесінде Тәшеневті қызметінен босатыңыз» деді. Бұл мен күтпеген шешім еді. Никита Сергеевичке таңдана қарадым...».

«Республика басшылары бәрі дерлік РКФСР-ға беруге де, орталыққа тура бағындыруға да қарсы болмады».

«Жұмекең өзі жайында біреулер тарапынан сөз қозғала қалса: «Тарих деген шежіре, уақыт деген алып бар» деп сөзге араласатын ол кісі, сол алып уақыт әркімді өз орнына қояды. Кімнің кім екені сонда айқындалады...».

Мен де Жұмабек Ахметұлының осы сөзіне қосыла отырып, «Тау алыстаған сайын айқындала түседі» демекші, ол кісі бүгін алмаған бағасын, келесі ұрпақ берер деген ойдамын.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
зейнеткер,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАНДАСТАР КӨШІ ТОҚТАМАСЫН

Тәуелсіздіктің 35 жылдық жылнамасында орны бар қандастар көшіне де, міне, биыл 35 жыл толды. 1991 жылдың наурызында бастау алған бұл «Ұлы көш» аясында 1,5 миллион қазақ атажұртқа оралды.

Статистика бойынша тек 1991-1992 жылдың өзінде-ақ елімізге 61 609 қандас көшіп келген екен. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау – өзге саламен қатар, еліміздің демографиясына да дағдарыс әкелген еді. 1991 жылы 16,4 млн болған халық саны 2001 жылы 14,8 млн.-ға бір-ақ түскен. Санымыз да сынға түскен осынау кезеңде қандастардың шетелден жаппай Отанға ағылуы демографиялық тоқыраудың алдын алуға сепші болды. Екінші тұрғыдан, Қазақстанның этникалық картасында қазақтардың үлес салмағының артып, сан жағынан да елдегі басты ұлтқа айналуында негізгі рөл атқарды. Яғни, шетелден келген ағайын ұлтаралық мәселелерде де енді құрылған мемлекетіміз үшін үлкен позитивті саяси фактор рөлін атқарды. Қазағымыздың саны аз ол жылдары қатарымызды қайтсек те көбейту стратегиялық мақсат болса, өз жерімізде өзгелерден үлес салмағымызды барынша арттыру стратегиялық қажеттілік еді. Бұл екі факторда да шетелден келген қандастар үлкен медет болды.



Сол кезде көші-қон процестері бойынша елімізде бір қыдыру шаралар қабылданды. Алдымен, 1991 жылдың 18 қарашасында, яғни, тәуелсіздік жария етілерден 28 күн бұрын, ҚазКСР Министрлер кабинеті қаулы шығарып, «Басқа республикалардан және шет мемлекеттерден ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін Қазақ КСР-іне қоныстандырудың тәртібі мен шарттарын» қабылдады. Бұл құжат қандастар көшінің бастау алуында тұрған ең алғашқы құқықтық негіз еді. Ал келер жылы 1992 жылдың 26 маусымында, яғни, тәуелсіздігіміздің алтыншы айында ҚР Жоғарғы кеңесі атақты және өз кезеңі үшін үлкен мәнге ие болған «Көші-қон туралы» Заңды қабылдады. Бұл – барша қандастардың тағдырына телінген, саяси жақтан да, құқықтық қырынан да маңызды құжат. Себебі заң шетелдегі қазақтарға тарихи Отанға көшуге заңдық ресми тұрғыда жол ашып, қандастар көшіне бастау беріп қана қойған жоқ, этникалық көшті мемлекет деңгейіндегі басымдық ретінде айқындап берді. Дәл осы заң аясында қандастарға үкіметтік квота бөлініп, 1993 жылға 10 мың қандас отбасын немесе жеке баспен алғанда 40 мың қандасты мемлекет есебінен көшіріп алып келу қарастырылды. Сол жылы 9441 қандас отбасы квотамен көшіп келді. Олардың жалпы саны – 45 632. Осы санның өзі-ақ шетелдегі ағайынның демографиямызға қосқалы тұрған үлес-әлеуетінен хабар беріп тұр.

Қуанышы мен үрейі басым сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шетелдегі ағайынның атамекенге ағыла бет бұрған кезеңіне көз жіберсек, шетелдегі қазақтар арасынан ең бастапқы байланыстар Моңғолиядағы қандастармен арада бастау алып, алғашқы қандас көші де сол елден басталған екен.

Бар істің бастауында ҚазКСР-і мен Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы арасында ресми делегациялардың барыс-келістері бар. Яғни, «гласностьтан» кейін келген жылымықтың арқасында 1990 жылдың сәуір айында Баян-Өлгей қаласы әкімшілігі мен қоғам белсенділерінен құралған моңғол қазақ делегациясы ресми сапармен Алматыға келеді. Бұл Атамекендегі қазақ пен шет елдердегі қандастар арасындағы ең алғашқы ресми байланыс болған екен. Дәл осы кездесулерде Моңғолиядағы ағайынның тарихи Отанға оралу жайы да қамтылған.

1990 жылдың 18 мамырында аталмыш елдің Баян-Өлгей аймағына Қазақстанның ұлттық арнасы және «Шалқар» радиосы қазақша хабарларын таратуды бастады. Мұнымен қоса, сол кездегі білім министрі Ш.Шаяхметовтың қолымен Моңғолия қазақтарынан 100 баланы Қазақстан ЖОО-ына қабылдау туралы шешім шығарылады. Сол жылдың 18 шілдесінде Алматы мен Баян-Өлгей арасында телефон-телеграф байланысы іске қосылып, ағайын арасы өзара тікелей сөйлесе алу шамасына қауышты. Екі айдан соң, яғни, 1990 жыл қыркүйек айында көрсетілген екі шаһар арасында әуе қатынасы ашылып, қазақстандық мерзімді басылым Ресей қара жолы арқылы Баян-Өлгейге ұласа бастады. Сонымен қатар, дәл осы айда Қазақстанға жұмыс істеу үшін келген қандастардың статусын заңдастыру қамымен ҚР мен Моңғолия арасында алғаш рет көші-қон саласындағы келісімге қол қойылды. Осы игі істердің нәтижесі ретінде шетелден алғашқы қандас көші 1991 жылдың 27 наурызында атамекенге табан тіреді. Ең бірінші көштің табан тіреген жері – Талдықорған облысының Кербұлақ ауданы болды.

Әрине, этникалық көш ың-шыңсыз, бір сыдырғы қалыпта ешбір қиындықсыз бастау алды және жалғасты дей алмаймыз. Құжат рәсімдеудегі қандастың басынан өткен азапты кезеңдер, қаржы аздығынан болған алғашқы жылдардағы квота қырқымы, көшіп келген ағайынды жаңа жерде бейімдеу, тұрмыстық мәдениеттегі айырмашылықтан туындаған түсініспеушіліктер, кереғар пікірлер – мұның бәрі болды. Бірақ елге ел қосылып, көштің соңы жалғасын тапты. Барлық қиындықтарға қарамастан, тарихи Отанына оралған қандастардың легі үзілген жоқ. Ең бастысы, елдің ниеті мен ұлттың тұтастыққа деген ұмтылысы сақталды. Көшіп келген ағайын жаңа ортаға бейімделіп, еңбекке араласты, кәсіп ашты, ғылым мен мәдениетке үлес қосты. Тұрмыстық мәдениеттегі айырмашылықтар бірте-бірте түсіністікке ұласып, ортақ мүдде төңірегінде тоғысты. Кереғар пікірлердің орнын тәжірибе мен уақыт сүзгісінен өткен шынайы бағалау басты. Сөйтіп, этникалық көш – тек географиялық орын ауыстыру ғана емес, тарихи әділеттің қалпына келуі, ұлттық бірліктің нығаюы, сананың жаңғыруы болды.

Алмат АЛТАЙ,
Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы қызметкері

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ШЕШЕМІЗ?

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы ғылымына ерекше көңіл бөлуде. Жолдауда да, Құрылтайда да, ауыл шаруашылығы мамандарымен өткен форумда да бірнеше рет айтты. Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – ауыл шаруашылығы мен ветеринариядағы білікті кадрлардың тапшылығы. Ал ғылымды жасайтын – білікті мамандар.

Аграрлық жоғары оқу орындарына, негізінен, ауыл жастары түсетіні белгілі. 2025 жылы мектеп бітіруші түлектердің саны 217 мыңнан асқан. Мектептердің басым бөлігі, яғни 67,4%-ға жуығы ауылдарда орналасқан. Сонымен қатар жоғары білімге деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді, 2025 жылғы қаңтардағы ҰБТ-ға 187 мыңға жуық талапкер қатысты. Алайда аграрлық мамандар дайындау саласындағы мемлекеттік саясатта түйткілді мәселелер бар. Соңғы 10 жылда елімізде мемлекеттік білім беру гранттарының саны 2,5 есеге ұлғайғанымен, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» мамандықтары бойынша мемлекеттік гранттардың үлесі 2 есеге азайып кетті. Атап айтқанда, 2025 жылы «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағыты бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының саны 16%-ға (2024 ж. – 2331, 2025 ж. – 1969), оның ішінде өсімдік шаруашылығы – 37%-ға (2024 ж. 29.01.2026 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) – 600, 2025 ж. – 376), мал шаруашылығы 23%-ға (2024 ж. – 500, 2025 – 384) қысқарды. Бұл ел Президентінің агроөнеркәсіп кешенін экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналдыру және биологиялық қауіпсіздіктің негізі ретінде ветеринарлық қызметті дамыту туралы тапсырмаларына тікелей қайшы келіп отыр. Осы орайда әлеуметтік факторларды атап өткен жөн. Қазіргі таңда аграрлық және ветеринариялық мамандықтарда оқитын студенттердің шәкіртақысы 52 мың теңгені құрайды, бұл педагогикалық және медициналық бағыттармен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Ауылдық жердегі отбасылардың табысы тұрақсыз. Мұндай жағдайда балаларды қалада оқыту қиямет-қайым. Нәтижесінде мемлекет агроөнеркәсіп кешенін басым бағыт деп жариялағанымен, ауыл жастарының аграрлық білім алуына қажетті жағдайлар жасалмай отыр.

Жоғары білікті мамандар даярлауда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оң тәжірибесін мысал ретінде келтіруге болады. 2023 жылы аталған университетке ҚР Ауыл шаруашылық министрлігіне қарасты 4 жетекші ғылыми-зерттеу институты мен 1 тәжірибелік шаруашылық сенімгерлік басқаруға берілді. Қысқа мерзім ішінде нысаналы индикаторлардың 97%-ына қол жеткізіліп, ғылым, білім және өндірістің нақты интеграциясы қамтамасыз етіліп, ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі шамамен 2 есе артты, өңірлерде цифрлық шешімдер мен ғылыми зерттеулердің нәтижелері белсенді түрде енгізілуде. Алайда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 2026-2030 жылдарға арналған даму бағдарламасы қайта қаралып, қаржыландыруы көзделгенімен, оны бекіту үдерісі созылып отыр. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибелік шаруашылықты сенімгерлік басқару шарттарының шектеулі мерзімі ұзақмерзімді ғылыми және инвестициялық жобалардың жүзеге асуына кедергі келтіреді. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, ауылдың әлеуетін артыру, түйіп айтқанда, Президент тапсырмаларын нақты орындау үшін мына қадамдарды жүзеге асыру керек деп санаймыз:

Бірінші қадам – «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта қарап, гранттар санын арттыру.

Екінші қадам – аграрлық және ветеринариялық мамандықтар студенттерінің шәкіртақы мөлшерін педагогикалық және медициналық бағыттардағы шәкіртақылармен теңестіру.

Үшінші қадам – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 2026-2030 жылдарға арналған даму бағдарламасын жедел түрде бекіту.

Төртінші қадам – басталған инвестиция жобаларын аяқтау үшін 4 бейіндік ғылыми-зерттеу институты және 1 тәжірибелік шаруашылықты 29.01.2026 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) басқару шарттарының мерзімін сенімгерлік 2030 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуды сұраймыз.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты



ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Ардақты ағайын! Сіздерді күллі мұсылман баласының ұлық мерекесі – Ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Ораза айт – сый мен сияпатқа, құрмет пен нығметке, шексіз сауапқа бөленетін сәт. Бұл туралы ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза айт күні періштелер жер бетіне түседі де, әр жолдың басында тұрып: «Уа, мұсылман қауымы, Раббыларыңа асығыңдар! Сендер түнді намазбен, күндізді оразамен өткізуге бұйырылғанда амал етіп, Раббыларыңа бойсұнғандарың үшін Алла сендерді үлкен сауап пен толассыз нығметке бөлейді. Сол үшін өздеріңе тарту етілген сыйлықтарыңды алыңдар» деп дауыстайды. Ал ораза айт намазын оқып болғаннан кейін бір періште адамдарға былай дейді: «Шүбәсіз жаратқан Раббыларың күнәларыңды кешті. Үйлеріңе Алланың жолынан адаспаған күйде оралыңдар! Расында бұл күн жер мен аспан әлемінде сый-сияпатқа кенелу күні деп аталады» деген.

«Айт» сөзі – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа топталу» деген мағыналарды білдіреді. Исламдағы ұлық мейрамдар мұсылман қауымының, барша адамзаттың жүрегіне қуаныш сыйлауға үндейді. Айт күні отбасын, ағайын-туысты, көмекке мұқтаж адамдарды, қарттар мен қараусыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды қуандырудың сауабы мол. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай, парыз амалынан кейінгі ең абзал амал – мұсылманның жүрегіне қуаныш ұялату. Адам баласы өзгені қуандыру арқылы өзі де қуанышқа бөленеді.

Алла Тағала: «Мен парыз еткен оразаны пенделерім өтеп, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді. Жаратушы Жаббар Иеміз баршамызды екі дүние қуанышы мен нығметіне бөлегей.

Құрметті жамағат! Ораза айт – адамдар арасындағы бауырмалдықты арттырып, татулық пен сыйластықты нығайтатын ұлық мереке. Осы айт күндері бір-бірімізге ізгі тілектер айтып, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен араласып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, қоғамымыздағы бірлік пен берекені арттыра түсуіміз керек.

Ораза айт мерекесі құтты болсын! Әр шаңырақка бақ пен береке, бірлік пен татулық тілеймін. Алла Тағала сіз бен бізді келесі Рамазанға дейін аман-есен жеткізіп, мол сауапқа кенелуді нәсіп еткей. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай! Әумин!

ҰЛЫҚ МЕЙРАМДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Айт күні не істеу керек?

1. Айт намазына барыңыз

Таңда бүкіл мешітте айт намазы оқылады. Намаз уақыты әр қалада әртүрлі. Сондықтан нақты кестені нақтылап алғаныңыз жөн. Айт намазын күн шыққан соң жамағатпен оқиды. Сүннет бойынша мешітке бararда құрма жеп шықсаңыз болады.

2. Пітір садақа беріңіз

Айт намазы басталмай жатып әр мұсылман міндетті түрде пітір садақа беруі керек. Мұндағы мақсат – мұқтаж адамдарға көмектесіп, олардың да осы мерекені қуанышты өткізуіне сеп болу. Пітір садақа мөлшерін жергілікті мұсылмандар діни басқармасы бекітеді. Елімізде биыл пітір садақасы адам басына 735 теңге болып белгіленді. Пітір садақа және садақаны Kaspi Bank, Halyk Bank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Bereke Bank мобильді қосымшалары арқылы және Қазпошта арқылы аударуға болады. Жалпы алғанда, садақа мөлшері елімізде 2 келі ұнның орташа бағасына шағып есептеледі. Пітірді құрма, мейіз бағасымен де беруге болады. Негізі, Рамазан басталғаннан бере беруге болады. Айттың бірінші күні берген уәжіп. Алайда айтқа дейін берсеңіз, ол пітір садақа болып саналады.

3. Таза әрі сәнді киім киіп барыңыз

Айт намазына барарда алдымен толықтай жуынып, ғұсыл алған жөн. Одан соң иіссу сеуіп, таза киім киіп барыңыз. Бұл мерейлі мейрамға деген құрметті білдіреді.

4. Жақындарыңызды құттықтап, кіріп шығыңыз

Намаздан шыққан соң мұсылмандар бір-бірін құттықтап: «Ораза айт құтты болсын!», «Айттан айтқа жете берейік!» деп жылы сөз айтады. Туыстардың үйіне айттап барып, сәлем беріп шығады.

5. Дастарқан басында жиналыңыздар

Айтты мұсылман қауымы ерекше күтеді. Сондықтан отбасындағы дәстүр ретінде бұл күні үйді де сәндеп, бар дәмдісін пісіріп, дастарқан жаяды. Біреумиреу келіп қалар деп күтіп отырады. Өздері де ауыз тиюге басқалардың үйіне барады. Бауырсақ пісіріп, ет асады.

6. Айт күні не істеуге болмайды?

Пітір садақаны ұмытып кетпеңіз. Отыз күн оразаңыздағы кеткен қателіктердің орнын басатын маңызды амал екенін ескеріңіз. Ашуланып, өсек сөз, ғайбат айтпаңыз. Ішімдік ішпеңіз. Үлкендер мен туыстардың көңілін қалдыруға болмайды. Бұл – жақындармен байланысты нығайтатын, татуластыратын мейрам. Ауыз бекітуге болмайды. Рамазанда қаза қылған күндеріңізді айттан кейін бастап кетсеңіз болады. Бірақ дәл айт күні ауыз бекітуге тыйым салынған.

АҒАЙЫННЫҢ БІРЛІГІН АРТТЫРАТЫН МЕРЕКЕ

Ораза айт – мұсылман қауымы үшін аса маңызды әрі қасиетті мереке. Бұл – тек діни рәсімдермен ғана шектелмей, адамдар арасындағы бауырмалдықты, татулықты және өзара түсіністікті нығайтатын ерекше сәт. Қазақ халқы үшін айт мерекесінің орны бөлек. Өйткені ол ұлттық салт-дәстүрмен біте қайнасып, ағайын-туыс, көрші-қолаң арасындағы байланысты арттыратын рухани құндылыққа айналған. Айт – ағайынның бірлігін арттыратын мереке. Себебі дәл осы күндері адамдар бір-бірімен қауышып, өкпе-ренішін ұмытып, жүректерін жақындатады. Сондықтан айт тек қуаныштың емес, бірліктің, татулықтың, кешірімнің және мейірімділіктің мерекесі ретінде бағаланады.

Айттың басты ерекшелігінің бірі – адамдарды жақындастыруы. Күнделікті өмірде түрлі себеппен араласа алмай жүрген туыстар айт күндері арнайы барып, бір-бірімен қауышады. Бұл туыстық қатынастың жаңғыруына үлкен мүмкіндік береді. Қазақ халқы «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» деп бекер айтпаған. Айт мерекесі – осы татулықты нығайтатын ерекше кезең. Адамдар бір-біріне қонаққа барып, дастарқан басында бас қосып, жылы әңгіме айтып, өткен-кеткенді еске алады. Мұның бәрі ағайын арасындағы байланысты күшейтеді.

Сонымен қатар айт – кешірім мерекесі. Бұл күндері адамдар бір-бірінен кешірім сұрап, бұрынғы ренішін ұмытуға тырысады. Ислам діні де кешірімді болуды, адамдармен тату өмір сүруді насихаттайды. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім ризығының көбеюін және өмірінің ұзаруын қаласа, туысқанымен қарым-қатынасын үзбесін» деген. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туыстық қатынасты сақтауды Алла Тағалаға және қиямет күніне иман келтірумен байланыстыруы бұл істің қаншалықты үлкен маңызға ие екенін көрсетіп тұр.

Алла Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алғаш Хира үңгірінде уахи түскеннен кейін, сүйікті жары Хадиша анамызға (Алла оған разы болсын) келіп, жүрегін діріл қағып: «Мені орап тастаңдар» деп бұйырады. Үңгірде болған жағдайды жарына айтып бергенінде, Хадиша анамыз (Алла оған разы болсын) оған: «Жоқ, олай емес. Алламен ант етемін! Алла сені ешқашан қор қылмайды. Өйткені сен туыстармен жақсы қарым-қатынас жасайсың, қорғансызға қорғансың, жоқ-жітікке қарайласасың, қонақты сыйлайсың және өзгелердің құқығының сақталуына жәрдем етесің» деп айтады. Бұл оқиғадан мәлім болғандай, Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен болсын) пайғамбарлық келмей тұрып, ол кісінің өзі туыстармен жақсы қарым-қатынаста болған. Пайғамбарлық келгеннен кейін де адамдарға әрдайым туыстарымен байланысты нығайтуға бұйырып, оны үзуден тыйым салған.

Жалпы туыстық қарым-қатынасты сақтау мәселесінде адамдар үш түрлі болады. Біріншісі – туыстық қарым-қатынасты сақтап әрі оларға жақсылық жасаушы адамдар. Хадисте ондай адамдар «туыстық байланысты сақтаушы» деп аталған. Бұл – туыстардың ішіндегі сыйластық танытқандарымен ғана сыйласу емес, туыстық қатынасты үзіп қойған туыстарымен қарым-қатынасын бірінші болып түзеп, оларға жақсылық жасаушы адам деген сөз. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Туысқандық қарым-қатынасты үзбейтін адам (оған қандай қарым-қатынас жасаса) сонымен ғана қатынас орнататын адам емес. Шындығында, туысқандық қарым-қатынасты үзбейтін адам – ол туыстарының онымен қарым-қатынасын үзгеніне қарамастан, олармен араласуын үзбейтін адам» деп айтқан. Туыстық қатынасты сақтаған адамның Алла Тағала ризығын молайтып, өмір жасын ұзартады. «Кімде-кім ризығының көбеюін және өмірінің ұзаруын қаласа, туысқанымен қарым-қатынасын үзбесін» деген хадисті жоғарыда келтірдік. Кейбір ғалымдар хадистегі «өмір жастың ұзаруына» қатысты: «Алла Тағала ол адамның өміріне берекет беріп, ризық-несібесін молайтады. Әрі сол арқылы ол адам өзінің өмірінде басқалардың шамасы келмеген істі істеп үлгереді» деп түсіндірген.

Бүгінгі таңда айт мерекесінің маңызы одан әрі арта түсуде. Қоғамда түрлі әлеуметтік, экономикалық өзгерістер болып жатқан кезде адамдар арасындағы бірлік пен татулықтың маңызы ерекше. Айт – адамдарды жақындастыратын, қоғамды біріктіретін күш. Бұл күндері адамдар әлеуметтік желілер арқылы да бір-бірін құттықтап, байланысын нығайтады. Дегенмен дәстүрлі айттаудың, яғни ағайын-туысты аралап, хал сұрасып айттаудың орны ерекше екенін ұмытпауымыз керек. Қазіргі қоғамда айт мерекесін дұрыс түсініп, оның мәнін сақтап қалу – маңызды міндет. Ол үшін жастарға айттың рухани және тәрбиелік мәнін түсіндіру қажет. Бұл дәстүрдің тәрбиелік мәні үлкен. Біріншіден, ол жастарды үлкендерді құрметтеуге үйретеді. Екіншіден, адамдар арасындағы сыйластықты арттырады. Үшіншіден, қоғамда ізгілік пен мейірімділікті қалыптастырады.

Балалар үшін де айт – ерекше мереке. Олар жаңа киім киіп, үйлерді аралап, тәттілер алады. Бұл – балалардың қуанышын арттырып қана қоймай, олардың бойында мейірімділік пен бауырмалдық қасиеттерді қалыптастырады. Айт мерекесі қазақ халқының ұлттық дәстүрлерімен тығыз байланысты. Қазақтар айт күндері дастарқан жайып, қонақ күтіп, ұлттық тағамдар әзірлейді. Бұл – халқымыздың қонақжайлық қасиетінің айқын көрінісі. Сонымен қатар айт – ұлттық бірлікті нығайтатын мереке. Бұл күндері адамдар бір дастарқан басында бас қосады. Бұл – қоғамдағы теңдік пен бірліктің белгісі. Айт мерекесі арқылы қазақ халқы өзінің рухани құндылықтарын сақтап, оны кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан айт – тек діни ғана емес, мәдени әрі ұлттық маңызы бар мереке. Бұл күні мұсылман баласы ерекше қуанышқа, нығмет пен несібеге кенеледі. Алла Тағала бір ай бойы ұстаған оразамызды қабыл етіп, баршамыздың ризық-несібемізді арттырып, мол сауапқа бөлегей!

Бақдәулет қажы НҰРМАТҰЛЫ



№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі

ӘДЕБИЕТ – ТАРИХТЫҢ НАСИХАТШЫСЫ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив басқармасы мен Ұлттық академиялық кітапхананың қолдауымен өтіп жатқан Қазақстан Жазушылар одағы елорда филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы «Көркем әдебиет және тарих» тақырыбында дәріс оқыды.



Алматыдан бас қалаға арнайы келген көрнекті қаламгер көркем әдебиет пен тарих ұғымдарына анықтама бере келе, осы қос ұғымның ортақ міндетіне тоқталды.

«Көркем әдебиеттің де, тарихтың да міндеті – жамандық жасап қоймау. Екі сөзінің бірінде «Менің халқым, менің елім» деп сөйлейтін адамдар бар ғой, солардың сөзі мен ісі бірдей болуы керек. Бүгін халқыңнан жасырғаныңмен, ертең артың ашылып қалады. Тарих мұны ашады. Ерте ашылуы, кеш ашылуы мүмкін, бірақ түбі ашылады» деген жазушы кешегі кеңес заманындағы жағдайдан тартып сөйледі.

Әдебиеттің негізгі міндеті жақсы адамды, оның сезімін тәрбиелеу екенін айтқан қаламгер орыс очеркисі Валентин Овечкиннің «Әдебиетті жақсы адамға деген сағыныш ілгерілетеді» деген сөзі дәл айтылғанын атап өтті.

«Көп адамның айтуынша, әлемде ғылымның атасы – тарих. Геродоттан бастап гректің аңыз-әңгімелерінің бәрі әдебиеттің алғашқы түрлері ғой. Соның барлығы адамды тәрбиелеуге, өзінің заманындағы шындықты бізге жеткізуге, соны сақтауға, әрине, көмектесті. Тарих пен әдебиетті бөле алмайсың. Тарихтың өзі әдебиет арқылы жазылады. Мысалы, Геродотты тарихтың атасы деп әлем мойындады» деген жазушы Геродоттың сақтар, бабамыз Аңарыс туралы жазбаларына тоқталды.

«Біздің жазушылардың арасында бір әңгіме бар: «әдебиеттегі тарих – бұл көркем әдебиеттегі тарих, ал тарих бір басқа» дейді. Мен оған келіспеймін. Тарихтың бір жүйеге келгенде негізгі бір өзегі болады» дей келе, мысалы, Шыңғыс ханға келгенде әдебиет арқылы тарихи тұлғаның бейнесіне күш қосылатынын, әдебиет пен тарих осы жерде қиюласатынын, бұл жағдайда әдебиет тарихтың насихатшысы болатынын ерекше атап өтті. Ал өтірік тарих көбінесе саясатқа келгенде жазылатынын айтты. Шыңғыс хан жайында мыңдаған кітап жазылғанын, өзі соның 60 шақтысын оқығанын, қазіргі 85 жасына келгенде «Ғылыми Шыңғыс қаған және оның құпиялары» атты кітап жазғанын, бұл көркем әдебиет емес, тарихи еңбек екенін жеткізді.

«Менің бүкіл шығармашылығымда екі бағыт бар. Бірі – әйел баласы арқылы адамның сезімін, мейірімін тәрбиелеу. Бұрын «Қазақ әйелді сыйламаған, әйел теңдігі жоқ» деп келдік қой. Бірақ қазақ әйел теңдігін басқаша түсінген. Әйел баласы деген мейірімнің, сыпайылықтың, сезімталдықтың, сәндіктің үлгісі ғой. Ұмай ана деп жазатындар бар. Бұл – қате, сол кезде ана деген сөз жоқ, Ұмай ене. Домалақ ана да қате, Домалақ ене. Сол заманда Енесай, Лена – ұлы ене деген сөздер бар. Осының бәрін көркем әдебиет тарихты бұрмаламай жеткізсе, халықтың мәдени деңгейі де көтеріледі. Жаңағы Ұмай енесін, Домалақ енесін, Қарқабат енесін дәріптеп отырған қазақ әйел баласын кемсіте ме?! Ешқашан» деді жазушы.

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, 1926 жылы таралған «Алтын топшы» кітабы шыққанын айтқан қаламгер онда Шыңғыс ханның шежіресі тарқатылғанын, сол кітапта «ойраттар шауып, Юань әулеті құритын болған соң, сол әулеттен шыққан екі жігіт келеді де: «әй, екеуміздің де әкеміз Есукей, екеуміз де Жалайырмыз» деген сөздер барын айтып өтті.

«Есукей – Шыңғыс ханның әкесі Жалайыр болса, оның туған баласы Жалайыр болмай ма?! Маған қарсы шығатын тарихшы да, жазушы да бар. Ал менің қорықпайтын себебім, оқыдым ғой» деп түйіндеді дәрісін қаламгер.

Сұрақ-жауап кезеңінде Бексұлтан Нұржекеұлы өзінің «Ерлі-зайыптылар» мен «Әй, дүние-ай» романдары туралы айтты.

«Қазақ деген халық пен қазақтың қызы, келіншегі дегенді бөлмеймін. Қазақтың тарихын әйелдер арқылы көрсету – менің мақсатым. «Ерлі-зайыптыларда» прототиптердің атын өзгерткен де, өзгертпеген де жерлерім бар. Сондағы мақсат – отбасын сақтау. Ақтабан шұбырынды, Орбұлақ шайқасы, көтерілістің бәрінің де мақсаты халықты сақтау ғой. Ал халықты сақтау – ошақ пен Отанды сақтау. Отбасын сақтамаған жерде Отанды сақтау да қиын. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы «Ана тілі» дегенді енгізді ғой. Басқаларда «Родная речь» дейді ғой. Бізде де туған тіл деп айтуға болады ғой, бірақ неге ана тілі деп айтамыз? Өйткені халықтың, ұлттың өзегі – ана. Ерлі-зайыптылардың бірлігі болмаса, мемлекеттің де бірлігі болмайды. «Мен – президент, сен – премьер» деген Қасым Аманжоловтың сөзі тұр ғой. Бұдан артық айту мүмкін емес. Ал осыны ұқпаған жастар 3 айдан кейін ажырасқанды мақтан қылады» деген жазушы «Әй, дүние-ай» романындағы әйел бейнесі арқылы ұлттың тағдырын бергенін жеткізді.

Кеңес заманында қаламгерлерге халықтар достығы, интернационализм туралы жазуға талап қойылғанын айтты. Қазіргі жас қаламгерлер шығармашылығына көзқарасы туралы сұраққа көзінің көруі нашарлағанынан 2015-2025 жылдары кітап оқымағанын, бірақ аудиокітаптарды тыңдайтынын, сонда бір байқағаны тілдің шұрайлылығы, тілдің байлығы жөнінен Қытай мен Моңғолиядан келген қандастар оқ бойы озық екенін айтты. Ал негізінен қазіргі әдебиетте журналистиканың нақты, қасаң тілі белең алғанын жеткізді.

«Нақты сөйлеу көркем әдебиет болмайды, астарлап сөйлеу – әдебиет. Адамның ойлау, пайымдау қабілетін өсіру керек. Әдебиеттің міндеті – сол» деді жазушы.

Дәрісті қорытындылаған мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай Бексұлтан Нұржекеұлы кезінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаевпен жақын араласқанын, сондықтан бұл кездесудің кітапхананың ақын атындағы залында өтуінің символдық мәні барын айтып өтті. Кітапты насихаттау мәселесіне, Бексұлтан Нұржекеұлының ештеңеден тайсалмайтын батыл көзқарасына, қаламгердің әр мәселеге өзінің ойы, ұстанымы барына тоқталды. Ақиқаттың жолында жүрген осындай азаматтардың шығармашылығына қызығатынын жеткізді.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

КЕМЕЛДІЛІК

Жуырда ғана Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, сондай-ақ әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны үшін бір топ қыз-келіншек мемлекеттік наградалармен марапатталды. Бұл қатарда «Парасат» орденін иеленген белгілі ақын, жазушы, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты Камал Әлпейісова үшін шын қуандық. Жұрт та «Парасатты» нағыз парасатты жан алған екен десті. Бұл жоғары марапат журналистика мен әдебиетте, аударма ісінде өз қолтаңбасын қалыптастырып, қоғамдық қызметте де белсенді қаламгерге жарасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек... «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» деп жазды. Осы «Толық адам» ұғымымен мағыналас тіліміздегі «Кемелділік» деген сөз бар. Камал Әлпейісованың есімі де араб тілінен аударғанда осы мағынаны береді. Әкесі Әбілқасым қойған бұл есім, бойындағы таланты мен еңбекқорлығы оны көптеген жетістікке жеткізіп келе жатыр.

Камал Әбілқасымқызы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін еңбек жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінен бастады. Одан «Қазақстан әйелдері» журналына ауысты. Журналистика қазанында жалпы 10 жылдан астам уақыт қайнады. Содан соң мемлекеттік қызметке ауысып, Жоғарғы кеңестің Әйелдер ісі, ана мен баланы қорғау комитетінде жұмыс істеді. «Егемендік туралы» декларацияның, «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заңның қабылдануының тікелей куәгері болды. Сол уақытта оның өмірі мен әрі қарайғы қызметін айқындап берген елеулі оқиға орын алды.

«1991 жылы Жоғарғы кеңес тарихында тұңғыш рет Наурыз мерекесі ауқымды түрде аталып өтті. Алғашқы іс-шара болғандықтан, сол мерекеде Наурыз, оның мән-маңызы туралы екі тілде ақпарат беріп, концертті жүргізу маған жүктеліп еді. Сол концертте редакция-баспа бөлімінің меңгерушісі болып қызмет ететін Зейнолла Серікқалиұлы залда отырыпты. Ертеңіне мені кабинетіне шақыртты. «Кеше байқадым, екі тілде таза, сауатты сөйлейді екенсің. Орысша сөйлеп тұрып, қазақшаға еркін өте бересің... Просто... феномен... Қайда оқыдың?» деп сұрады. Екі тілге де жүйрік Ғалымжан Мұқанов деген азаматты сүйсіне айтып, «содан кейін сені көріп отырмын, сенен мықты синхронист шығады» деп мақтап қойды. Бұл сөзді алғаш естуім, түсінбедім.



> Камал Әлпейісова – елімізде ілеспе аударма өнерін кәсіби деңгейде меңгерген алғашқы аудармашылардың бірі ғана емес, бірегейі. Осы саланың аяққа тұруына үлкен үлес қосып, шәкірттерді де тәрбиеледі. 2003 жылы тұңғыш рет республикалық «Үздік аудармашы» байқауы ұйымдастырылды. Соның алғашқы жеңімпазы – Камал Әбілқасымқызы

«Синхронист» деген кім?» деп сұрадым. Ағай жанарынан шуақ төге жымиып: «Ол – бір тілде сөйлеп тұрған адамның сөзін бірден екінші тілге аударушы маман» деді. Сосын әр сөзін салмақтап: «Сенің қабілетің жетіп тұр. Сондай маман болам десең, біздің бөлімге ауыс» деді. Мен келісімімді бергенде, Зейнолла аға қатты қуанып: «Енді қазақ тілінде айтылған сөз орысшаға кедір-бұдырсыз аударылатын болды. Тіліміздің сұлулығы мен байлығын саф күйінде жеткізу үшін тағы бір қадам жасадық» деп толқи сөйледі» деп еске алады қазір қаламгер. Белгілі әдебиет сыншысы осылайша білікті маманды сол уақытта елімізде әлі жолға қойылмаған ілеспе аударма ісіне тартты.

Иә, Камал Әлпейісова – елімізде ілеспе аударма өнерін кәсіби деңгейде меңгерген алғашқы аудармашылардың бірі ғана емес, бірегейі. Осы саланың аяққа тұруына үлкен үлес қосып, шәкірттерді де тәрбиеледі. 2003 жылы тұңғыш рет республикалық «Үздік аудармашы» байқауы ұйымдастырылды. Соның алғашқы жеңімпазы – Камал Әбілқасымқызы. Ол осы байқауға қатысқан 40 үміткердің арасында топ жарды. Ал сол кезде атқарған қызметі – Парламент Сенаты аппаратының аударма және лингвистикалық сараптама секторының меңгерушісі.

Кейіпкеріміздің әдеби аударма өнеріне қосқан үлесі де аз емес. Ол Махамбет Өтемісұлы, Әбділда Тәжібаев, Фариза Оңғарсынова, Ұлықбек Есдәулет, Табылды Досымов, т. б. ақындардың өлеңдерін, заңғар жазушының перзенті Мұғамила Әуезованың «Әкем туралы» кітабын орыс тіліне аударды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан Демокрит, Аристотель, Платон, Сократ, Бенедикт Спиноза, Джон Локк, Паскаль Блез секілді ойшылдардың жекелеген еңбектерін қазақшалады.

Камал Әлпейісованың «Жапырақтары жанымның», «Жүрегімдегі жаз» және «Жүрегімде жасырған жырларым» атты үш жыр жинағы шықты. «Камалдың өлеңдерінде ерекше аналық мейірім тұнып тұр. Барлық адамға негізі керегі мейірім екенін, сондай-ақ, барлық адамға жетпейтіні де мейірім екенін ұқтырады. Ақын қыз оқырмандарын өмірдің мәні мен мағынасы адамға деген мейірімде, сүйіспеншілікте екенін түсіндіреді. Бір адамды құрметтесең, ол да сені құрметтейді. Жүректегі жылылықты жоғалтпа! Ол – сенің ізгілігің, парасаттылығың, неғұрлым шуақты болсаң, соғұрлым қуатты боласың деп ұқтырады» дейді оның өлеңдері туралы басылымымыздың ардагері, белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Өріс Яшүкірқызы.

Камал Әлпейісованың прозасына келсек, оның әңгімелерінен бір жылылық еседі, оқыған адамдарды ойландырады. Эсселері де солай. Айтқандай, ана жылдары кейіпкеріміз газетіміздің авторы да болған еді. Сол кезде өтінішімізбен елордаға қазақылануына өлшеусіз үлес қосқан Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілов туралы мақаланы да жазып берген. Сол уақытта Қонысбай Іскендірұлының туғанына 70 жыл толып жатқан. Енді, міне, Камал Әбілқасымқызының өзі осы мерейлі жастың белесіне шығып отыр.

...Жақында бір кездескенімізде «Мерейтойымды туған Торғайымнан бастаймын» деген еді. Оның жалғасы елордада болады деп ойлаймыз. Негізі, кейіпкеріміздің шығармашылық кеші өтсе де артық етпейді. Оның өлеңдеріне жазылған әндер де бар. Бұл әндердің авторлары – Мақсат Жәутіков, Қалибек Деріпсалдин, Шолпан Қорғанбек, Серікжан Әбдінұров секілді белгілі композиторлар. Ендеше, тойыңыз тойға ұлассын, Камал апай дейміз.

№32 (4930) 19/03/2026 Бейсенбі



«БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚ ЖЫРЫН» ЖЫРЛАДЫ

Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурызнама-2026» онкүндігі аясында елордадағы мәдениет ошақтарында түрлі іс-шара өтуде. Солардың бірі онкүндіктің төртінші күні – Шаңырақ күні шеңберінде Астанадағы Музыкалық жас көрермен театры сахнасында отбасы құндылығын дәріптеуге арналған «Бақытты шаңырақ жыры» атты ерекше қойылым көрсетілді.

Кейінгі жылдары қазақ театрлары қарқынды дамып, тек өнер ордасы ғана емес, тағдыр тоғыстырар қасиетті мекенге айналып келеді. Соның жарқын дәлелі – аталған театр ұжымынан 19 жұптың шаңырақ көтеруі. Бір сахнада табысқан жандардың өмірде де жұптасып, бір шаңырақ астында бақыт табуы театрдың өмір мектебі екенін айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл ұжымды «ғашықтар мекені» деуге толық негіз бар.

Қойылымның шымылдығын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров ашып, жиналған қауымды мерекемен құттықтады.

– Биыл үшінші жыл қатарынан елімізде 14-23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі аталып өтуде. Біздің театрымыз шаңырақ көтергендер саны бойынша республикада алдыңғы орында деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі тақырыбымыз да «Бақытты шаңырақ жыры». Бұл жолы шырқалатын ән мен оқылатын өлеңнің барлығы махаббат пен отбасыға арналған, – деді Асхат Маемиров.

Аталған киелі шаңырақта өмірлік сыңарын тауып, отау құрған театр актері Қазыбек Есқара да ойын ортаға салып, театрдағы отбасы құндылығының маңызын атап өтті.

– Театр ашылғалы бері осында еңбек етіп келеміз. Жұбайым да осы театрда жұмыс істейді. Бір қызымыз бар. Отбасын құрғанымызға 7 жылға таяды. Ұрпақ тәрбиесі үшін маңызы зор Шаңырақ мерекесі соңғы 3 жылдан бері аталып келеді. Жалпы наурыз айының алғашқы күнінен бастап мерекелік іс-шаралар жалғасады, өнегелі іске үлес қосуға біздің театр ұжымы да атсалысып келеді, – деді ол.

Ал оның жұбайы, актриса Гүлдана Әбдісадық отбасының қоғамдағы рөліне тоқталды.

– Отан отбасынан басталады. Кез келген істің бастауы – отбасы. Бүгінгі қойылымның атауы да бекер емес – «Бақытты шаңырақ жыры». Жаңадан шаңырақ көтерген жастарға отбасының қадірін, маңызын жеткізгіміз келеді. Өнер ортасында жүргеннен кейін біз де өзгелерге үлгі болуға тырысамыз. Өзіміз де алдыңғы буын отбасыларға қарап бой түзейміз, – деді ол.

Кеш барысында театр әртістері жоғары деңгейде өнер көрсетіп, ән мен жыр арқылы махаббат пен отбасының қадір-қасиетін көрерменге әсерлі жеткізе білді. Іс-шара көрерменге ерекше көңіл күй сыйлап, Шаңырақ күнінің шынайы шаттығын сезіндірді.



БЕС МЫҢ МУЗЫКАНТ ӨНЕРІ

Бас қалада 5 мыңнан астам адамның қатысуымен қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының үні тоғысқан «Ұлттық үн» атты ауқымды іс-шара өтті.



